



**M.S. NARIKBAEV ATYNDAGY  
KAZGUU UNIVERSITETI-NIŇ  
AKADEMIYALYQ SAPANY QAMTAMASYZ  
ETU SIAYSATY**

**2019 Ж.**

M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-niń akademiyaлық сапаны қамтамасыз ету саясаты.

M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-niń akademiyaлық сапаны қамтамасыз ету саясаты студенттер, ПОҚ, Университеттің кафедра меңгерушілері, білім беру үдерісін басқарушылар және басқа да мүдделі тараптарға арналған.

M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-niń akademiyaлық сапаны қамтамасыз ету саясаты Академиялық және зерттеу кеңесі шешімімен бекітілген (2019 жылдың 20 наурызындағы №3 хаттама).

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ .....	6
1.1 КІРІСПЕ .....	6
1.2 АНЫҚТАМА .....	6
1.3 МАҚСАТЫ .....	6
1.4 МІНДЕТТЕРІ .....	6
1.5 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР .....	7
2. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТТЕРІ (QAU) .....	7
2.1 АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ КЕҢЕСІ (АЗК) .....	8
2.2 МЕКТЕП КОМИТЕТТЕРІ (SC) .....	8
2.3 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕНЕДЖЕРІ (QM).....	9
3. САПАНЫ ҚАМТАМСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ QAD) .....	9
3.1 САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ (IQAD).....	10
3.1.1 АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ КЕҢЕСІ ЖАРҒЫСЫ .....	10
3.1.2 МЕКТЕП КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖАРҒЫСЫ.....	10
3.1.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ .....	10
3.1.4 АКАДЕМИЯЛЫҚ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НҰСҚАУЛЫҒЫ .....	10
3.1.5 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ САЯСАТЫ.....	11
3.1.6 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕКІТУ САЯСАТЫ .....	11
3.1.7 БАҒАЛАУ САЯСАТЫ (ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ) .....	11
3.2 САПАНЫ СЫРТТАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ (EQAD).....	12
3.2.1 ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР .....	12
3.2.2 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ҮШІН АКАДЕМИЯЛҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ .....	12
3.2.3 СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ .....	13
3.2.4 ҰСЫНЫЛАТЫН ЖУРНАЛДАР ТІЗІМІН ЖАСАУҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫН БАҒАЛАУ ҮШІН АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ.....	13
3.2.5 ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ЕУРОПАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ СТАНДАРТТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР .....	13
4. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕХАНИЗМІ (QAM) .....	14
4.1 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ МЕХАНИЗМДЕРІ (IQAM) .....	14
4.1.1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ.....	14
4.1.2 ОҚУ КУРСТАРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ .....	15
4.1.3 ТІРКЕУ.....	15
4.1.4 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ .....	16
4.1.5 ОҚЫТУ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС.....	16

4.1.6	БАҒАЛАУ .....	17
4.1.7	СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАНАФАТТАНУЫН БАҒАЛАУ САУАЛНАМАСЫ.....	17
4.1.8	ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ УӘЖДЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСҚА ҚАНАФАТТАНУ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША САУАЛНАМА.....	18
4.1.10	МЕКТЕП ІШІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІ БАҒАЛАУ .....	19
4.1.11	МЕКТЕП ІШІНДЕГІ ПОҚ-ТЫ БАҒАЛАУ .....	20
4.1.12	ТҮЛЕКТЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ .....	20
4.1.13	ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ .....	21
4.2	САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ МЕХАНИЗМІ .....	21
4.2.2	«АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІ .....	21
4.2.3	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ БОЛМАУЫ МӘНІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ .....	22
4.2.4	ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ .....	22
4.2.5	БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ.....	23

## **ҚЫСҚАРТУЛАР**

1. Сапаны қамтамасыз ету **(QA)**
2. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат **(QAP)**
3. Сапаны қамтамасыз ету қызметі **(QAU)**
4. Сапаны қамтамасыз ету құжаты **(QAD)**
5. Академиялық және зерттеу кеңесі **(АЗК )**
6. Мектеп комитеті **(SC)**
7. Сапаны қамтамасыз ету қызметінің менеджері **(QM)**
8. Сапаны қамтамасыз ету механизмі **(QAM)**
9. Ішкі сапаны қамтамасыз ету **(IQA)**
10. Сапаны ішкі қамтамасыз ету құжаты **(IQAD)**
11. Сапаны ішкі қамтамасыз ету механизмі **(IQAM)**
12. Цикл жоспарлау-орындау-тексеру-шараларын қабылдау **(PDCA)**
13. Сыртқы сапа кепілдігі **(EQA)**
14. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету бойынша құжат **(EQAD)**
15. Сыртқы сапаны қамтамасыз ету механизмі **(EQAM)**
16. M.S. Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti **(КАЗГЮУ)**
17. M.S. Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің мектебі **(KS)**
18. Академиялық адалдық лигасы **(AIL)**
19. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы **(«Атамекен" ҚР ҰКП»)**
20. Халықаралық іскерлік әкімшілендіруді аккредиттеу қоры **(FIBAA)**

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

### 1.1 КІРІСПЕ

M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бұрынғы Қазақ мемлекеттік заң институты) Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылдың 14 наурызындағы №1591 Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 26 мамырындағы №564 қаулысымен Әділет министрі, құқықтанушы Н.А. Шайкеновтың бастамасымен құрылған. M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің (КАЗГЮУ) алдында жоғары білікті заңгерлерді даярлау міндеті тұрды.

КАЗГЮУ-дың көзқарасы – *«Ғылым, білім беру, әлеуметтік жауапкершілік пен моральдық құндылықтар дамуын айқындайтын адал және әділ қоғам құруға ат салысу»*.

КАЗГЮУ миссиясы – *«Сапалы және қолжетімді білім беру арқылы адамдарға қызмет ету»*.

КАЗГЮУ-дың стратегиялық жоспарында M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti мектептерін (KS), академиялық және академиялық емес бөлімшелер мен кафедраларын дамытудың негізгі басымдықтары мен бағыттары айқындалады. Білім беру мен зерттеу жұмыстарының сапасын арттыруға бағытталған сапаны қамтамасыз ету жүйесін дамыту стратегиялық жоспардың маңызды аспектісі болып табылады.

### 1.2 АНЫҚТАМА

**Сапа** – КАЗГЮУ-дың мүдделі тараптарымен қатар студенттер, ПОҚ, жұмыс берушілердің қызығушылықтарын қанағаттандырып, халықаралық және ұлттық білім беру стандарттарына сай келетін сапалы білім.

**Сапаны қамтамасыз ету (QA)** – КАЗГЮУ-дың бақылау және сапаны арттыру процесіне қол жеткізу.

**Сапаны қамтамасыз ету қызметі (QAU)** – КАЗГЮУ-да кеңес, комитет, кафедра немесе сапаны қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар мен сапаны қамтамасыз ету механизмін әзірлеуге және енгізуге жауапты тұлға.

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі құжат (QAD)** – сапаны қамтамасыз ету қызметінің өкілеттіктері мен міндеттері және (немесе) сапаны қамтамасыз ету механизмін енгізу тәсілі айқындалып, түсіндірілетін құжат.

**Сапаны қамтамасыз ету механизмі (QAM)** – КАЗГЮУ-да бақылау және (немесе) сапаны жақсарту процесі немесе оған қол жеткізу амалы.

### 1.3 МАҚСАТЫ

КАЗГЮУ-дың сапаны қамтамасыз ету саясатының (QAP) негізгі мақсаты – сапаның қажетті деңгейіне қол жеткізіп, оны біртіндеп арттыруды және сапаны қамтамасыз ету мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету. QAP QAD-ты дайындау мен QAM-ды жүзеге асыру үшін негіз болады. QAP ережелеріне QAU, барлық KS және білім беру процесіне қатысатын басқа бөлімшелер мен кафедралардың қызметі сәйкес келеді.

### 1.4 МІНДЕТТЕРІ

КАЗГЮУ QAP сапасын қамтамасыз ету негізінде келесі мақсаттарды көздейді:

1) КАЗГЮУ-да тиімді жұмыс істейтін сапаны қамтамасыз ету стандарттарын әзірлеу және енгізу;

2) Сапаны қамтамасыз ету стандарттарын ұлттық та, халықаралық та деңгейде ілгерілету;

3) Сапаны қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді стандарттарын әзірлеп, QAM-ды енгізу арқылы КАЗГЮУ-дың барлық мүдделі тараптарының қызығушылықтарын қорғау;

4) QAM-ды енгізу арқылы барлық академиялық процестердің ашықтығына қол жеткізу;

5) QAD ережелерін ұстанып, QAM-ды енгізу үшін қатысуға менеджерлерді, ПОҚ және басқа қызметкерлерді ынталандыру және өкілеттілік беру;

6) Өкілеттіктерді және тежемелер мен теңестірімелер жүйесін бөле отырып, білім беруді басқарудың деңгейлес жүйесін құру;

7) Білім беру сапасын арттырып, КАЗГЮУ ұсынатын барлық академиялық және академиялық емес қызметтердің сапасын арттыру мақсатында әртүрлі мүдделі тараптардың пікірлеріне анализ жасау;

8) КАЗГЮУ-дың сыбайлас жемқорлық пен академиялық адалдықты бұзудан еркін Университет ретіндегі беделін арттыру;

9) Инклюзивті білім беру тұжырымдамасын жақсырақ түсінуге қол жеткізіп, ерекше қажеттіліктері бар студенттердің, ПОҚ пен қызметкерлердің мүдделерін қорғау;

10) КАЗГЮУ-да онлайн және аралас оқытудың жоғары сапасына қол жеткізу.

## **1.5 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

Жоғары сапалы білім беріп, оны біртіндеп арттыру – кез келген оқу орнының міндеті. Сонымен қатар бұл дамуды және өзгерістерге бейімделуді қалайтын университеттің ұтымды қалауы. Тоқырауды болдырмау және мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін академиялық сапаның жоғары деңгейіне жетіп, оны жақсарту үшін жасалатын іс-шараларға негіз болатын құрылым болуы керек.

Біз әр университет Имануэль Канттың: *«Адамдарға ешқашан құрал ретінде емес, әрдайым мақсаттың өзі ретінде қарау керек»*, - деген қағидасын ұстануы керек деп есептейміз. Университет өзінің мүдделі тараптарына мақсат ретінде қарай отырып, студенттерге өмірде жетістікке жетуге көмектесетін білім мен дағдыларды меңгеруге, ал оқытушыларға педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға, зерттеушілерге ыңғайлы жағдайда зерттеу жүргізуге, жұмыс берушілерге жоғары білікті мамандарды жалдауға және т.б. мүмкіндік беретін жүйені құруы керек. Ол үшін үш негізгі ережені сақтау керек:

1) жүзеге асыру үшін дұрыс механизмдерді білуіміз керек;

2) механизмді қалай дұрыс жүзеге асыруды білуіміз керек;

3) механизмді қалай тиімді жүзеге асыруды білуіміз керек.

**QAR аясында сапаны қамтамасыз ету жүйесін құру бізге бұрын айтылған қағидаларды ұстануға көмектесіп, қалыптастырып жатқан сапаны қамтамасыз ету жүйесі өздігінен аяқталмау керек. Сапаны қамтамасыз етудің тиісті жүйесі қойылған мақсаттарға сүйене отырып, КАЗГЮУ мүдделі тараптарының қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді деп күтеміз.**

## **2. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТТЕРІ (QAU)**

Әрбір мүдделі тарап КАЗГЮУ сапасын қамтамасыз ету жүйесіне әсер етеді. Дегенмен ішкі сапаны қамтамасыз ету (IQAD) құжаттарын әзірлеуге және сапаны қамтамасыз ету механизмін енгізуге жауап беретін сапаны қамтамасыз етудің негізгі үш қызметі бар: *Академиялық және зерттеу кеңесі (AIS), мектеп комитеті (SC)*

және сапаны қамтамасыз ету менеджері (QM). Бұл бөлім әрбір QAU рөлі туралы жалпы түсінік беріп, олардың негізгі өкілеттіктері мен міндеттерін анықтайды.

Академиялық және зерттеу кеңесі өкілеттіктері мен жауапкершілігінің толық тізімін КАЗГЮУ-дың ресми сайтында жарияланған АЗК Жарғысынан табуға болады.

SC өкілеттіктері мен жауапкершілігінің толық тізімін және толығырақ ақпаратты КАЗГЮУ-дың ресми сайтында жарияланған SC Жарғысынан табуға болады.

## **2.1 АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ КЕҢЕСІ (АЗК)**

Академиялық және зерттеу кеңесі студенттерден, ПОҚ-тан, мектеп комитеттерінің төрағаларынан, барлық мектептердің Декандарынан, QM (дауыс беру құқығы жоқ мүше), проректорлардан және академиялық және академиялық емес бөлімшелер мен кафедралардың өкілдерінен тұратын КАЗГЮУ-дың Жоғары академиялық органы болып табылады. КАЗГЮУ басқармасы АЗК жарғысын бекітеді.

Кеңес мүшесі дауыс беру құқығымен және дауыс беру құқығынсыз мүше бола алады (академиялық емес бөлімшелер мен кафедралардың өкілдері дауыс бермейді). Дауыс беру құқығы бар мүшелердің де, дауыс беру құқығы жоқ мүшелердің де күн тәртібіне енгізу үшін мәселелер ұсынуға, әрбір отырысқа қатысуға, әрбір мәселе бойынша өз пікірін білдіруге, отырыстардың барлық материалдарымен және хаттамаларымен танысуға, хаттамалардан үзінді көшірмелер алуға құқығы бар. Дауыс беру құқығы бар мүшелер әрбір мәселе бойынша «жақтап» немесе «қарсы» дауыс бере алады, бұл ретте әрбір мүшенің бір ғана дауысы болады. Егер жиналысқа қатысқан кеңес мүшелерінің 2/3-і ұсынылған шешімге дауыс берсе, шешім қабылдануы мүмкін.

### **Өкілеттіктер мен міндеттемелер:**

1) АЗК КАЗГЮУ-да оқу процесін және ғылыми зерттеулерді реттейтін IQAD басқа да ішкі құжаттарды бекітеді;

2) АЗК IQAD ережелерінің EQAD ережелеріне қайшы келмейтіндігіне көз жеткізу мақсатында сапаны сырттай қамтамасыз ету (EQAD) жөніндегі құжаттардағы ережелерді қарайды;

3) АЗК барлық деңгейдегі жаңа білім беру бағдарламаларын бекітеді;

4) АЗК КАЗГЮУ мен басқа да университеттер, жеке ұйымдар немесе мемлекеттік мекемелер арасындағы меморандумдар мен келісімдерді бекітеді;

5) Университеттің дамуына жеткілікті үлес қосқан тұлғаға АЗК КАЗГЮУ құрметті профессоры атағын беруге құқылы;

Егер IQAD және (немесе) EQAD ережелерін бұзса, АЗК мектеп комитетінің шешімін қайта қарауға құқылы.

## **2.2 МЕКТЕП КОМИТЕТТЕРІ (SC)**

SC – QAM-ды жүзеге асырып, Университет мектептеріндегі білім беру және зерттеу процесін реттейтін құжаттарды әзірлеуге жауапты Университет мектептерінің тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы.

Мектеп комитеті АЗК шешімімен құрылады. Университеттегі мектеп комитеттерінің саны шектелмеген, бірақ бір комитеттің өкілеттіктері мен міндеттері Университеттің осы мектебі шеңберіндегі басқа комитеттің өкілеттіктері мен міндеттерімен сәйкес келмейді.

Мектеп комитетіне дауыс беру құқығы бар комитет мүшелері болып табылатын студенттер мен оқытушылар құрамы және дауыс беру құқығы жоқ комитет мүшелері болып табылатын мектеп комитетінің басшылығы (Декан, Декан орынбасары, кеңесшілер және т.б.) кіреді. Әрбір оқытушы дауыс беру құқығымен



комитеттің мүшесі ретінде сайлануға құқылы, бұл ретте сайлау рәсімі ашық болып, жыл сайынғы негізде өткізілуі тиіс. Комитет мүшелері дауыс беру құқығымен және дауыс беру құқығынсыз күн тәртібіне енгізу үшін: сұрақтар ұсынып, әрбір отырысқа қатыса алады, әр мәселе бойынша өз пікірін білдіре алады, отырыстардың барлық материалдарымен және хаттамаларымен таныса алады, кез келген хаттамалардан үзінді көшірмелер ала алады. Дауыс беру құқығы бар комитет мүшелері әрбір мәселе бойынша «жақтап» немесе «қарсы» дауыс бере алады, бұл ретте әрбір мүшенің бір ғана дауысы болады. Егер отырысқа қатысып отырған дауыс беру құқығы бар мүшелердің көпшілігі ұсынылған шешімге дауыс берсе, шешім қабылдануы мүмкін.

**Өкілеттіктер мен міндеттемелер:**

- 1) SC QAM мен KS-ті жүзеге асырады;
- 2) SC QAM-ды KS-ке енгізудің тиімділігін бағалайды және KS және (немесе) АЗК басшылығына өз ұсынымдарын береді;
- 3) SC АЗК бекіту үшін білім беру бағдарламаларын ұсынады;
- 4) SC QAD ережелерін түсіндіруге бағытталған KS ішкі құжаттарын бекітеді;
- 5) SC KS студенттері мен оқытушыларының өтініштерін қарастырады;
- 6) SC студенттер мен ПОҚ-тың зерттеу қызметін бақылайды және қажет болған жағдайда оларға көмек көрсетеді;
- 7) SC KS шеңберінде білім беру және зерттеу үдерісінде Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

**2.3 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕНЕДЖЕРІ (QM)**

QM – бұл QAU, ол КАЗГЮУ-да QAM іске асырылуын мониторингтеуге жауап береді. QM тікелей АЗК-ға бағынады, ал QAP оның өкілеттіктері мен міндеттерін анықтайды. QM IQAD сапасына және QAM енгізудің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізу арқылы сапаны жақсартуға және арттыруға бағытталған. QM мүдделі тараптардың күтулерін және анықталған мәселелер бойынша есептерді анықтау үшін әртүрлі талдау құралдарын қолданады.

**Өкілеттіктер мен міндеттемелер:**

- 1) QM КАЗГЮУ-да QAM енгізілуін бақылайды;
- 2) QM дауыс беру құқығынсыз мүше ретінде АЗК отырыстарына қатысып, білім беру процесін реттейтін құжаттардың уақтылы жаңартылуын және КАЗГЮУ-дың ресми сайтында жариялануын қамтамасыз етеді;
- 3) QM SC және КАЗГЮУ-дағы білім беру процесіне қатысатын барлық бөлімшелер мен кафедралардан ақпарат сұратады;
- 4) QM жыл сайын студенттердің қанағаттанушылық сауалнамасын, докторанттар сауалнамасын, оқытушылардың уәждемесі және жұмысқа қанағаттану сауалнамасын жүргізеді, нәтижелерді талдайды және есептерді АЗК, SC, КАЗГЮУ басқармасына және сауалнама нәтижелеріне мүдделі басқа да бөлімшелер мен кафедраларға жібереді;
- 5) QM АЗК, SC, КАЗГЮУ басқармасына және басқа да бөлімшелер мен кафедраларға оқу процесі бойынша ұсыныстар жібереді, бірақ шешім қабылдау процесіне тікелей қатыспайды.

**3. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ (QAD)**

QAD QA стандарттарын белгілейді және QAM-ның КАЗГЮУ-ға енгізілуін реттейді.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету (IQAD) құжаттарын АЗК әзірлеп, АЗК шешімі бойынша ғана бекітілуі, өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

Сапаны сырттай қамтамасыз ету құжаттарын (EQAD) аккредиттеу Агенттігі, мемлекеттік орган және т.б. сияқты сыртқы мүдделі тарап бекітуі, өзгертуі немесе тоқтатуы мүмкін. АЗК EQAD ережелерін қарайды және IQAD ережелерін EQAD ережелерімен келістіреді.

IQAD КЮЗГЮУ-дың ресми сайтында жарияланса, EQAD құжаты әзірлеген мүдделі тараптың ресми сайтында жарияланады.

### **3.1 САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ (IQAD)**

#### **3.1.1 АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ КЕҢЕСІ ЖАРҒЫСЫ**

АЗК жарғысы – АЗК қызметін реттеп, оның өкілеттіктері мен міндеттерін анықтайтын IQAD.

АЗК жарғысы келесі ережелерді қамтиды:

- 1) АЗК өкілеттіктері мен міндеттерін сипаттайды;
- 2) АЗК құрамын сипаттайды;
- 3) АЗК қызметін ұйымдастыруды сипаттайды (отырыстардың тұрақты өткізілуі, күн тәртібін қалыптастыру, дауыс беру тәртібі).

#### **3.1.2 МЕКТЕП КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖАРҒЫСЫ**

SC Жарғысы – SC қызметін реттейтін және оның өкілеттіктері мен міндеттерін анықтайтын IQAD.

SC жарғысы келесі ережелерді қамтиды:

- 1) SC өкілеттіктері мен міндеттерін сипаттайды;
- 2) SC құрамын және SC мүшелерін сайлау тәртібін сипаттайды;
- 3) SC қызметін ұйымдастыруды сипаттайды (отырыстардың тұрақты өткізілуі, күн тәртібін қалыптастыру, дауыс беру тәртібі).

#### **3.1.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ**

Академиялық саясат – КАЗГЮУ-дың барлық білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесін реттейтін IQAD.

Академиялық саясат келесі ережелерден тұрады:

- 1) КАЗГЮУ-да оқу процесін ұйымдастыруды реттеу;
- 2) сабаққа қатысу саясатын реттеу;
- 3) студенттердің оқу жүктемесін реттеу;
- 4) ECTS жинақтау және беру саясатын реттеу;
- 5) бағалау жүйесі мен ережелерін реттеу;
- 6) курсқа тіркеу процесін реттеу;
- 7) академиялық кеңестер мен қолдауды реттеу;
- 8) кәсіптік практиканы реттеу;
- 9) академиялық демалыс беру тәртібін реттеу;
- 10) студенттерді ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару процесін реттеу;
- 11) магистрлік диссертацияларға/жобаларға қойылатын жалпы талаптарды сипаттау;
- 12) дәреже алуға қойылатын талаптарды сипаттау.

#### **3.1.4 АКАДЕМИЯЛЫҚ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық – IQAD, КАЗГЮУ сақтайтын Академиялық адалдық қағидаларын анықтап, олардың қалай қолданылатынын түсіндіреді.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық келесі ережелерден тұрады:

- 1) КАЗГЮУ академиялық қоғамдастығының барлық мүшелері басшылықта баяндалған Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауы тиіс екенін көрсетеді.
- 2) академиялық адалдық қағидаларын анықтайды;
- 3) жақсы академиялық тәжірибе ережелерін анықтайды;
- 4) академиялық адалдықтың бұзылуын анықтайды;
- 5) академиялық адалдықты бұзушылықтарды анықтау тәртібін және тергеу органдарының құзіретін реттейді;
- 6) тергеу органдарының отырыстарына қатысатын адамдардың құқықтарын айқындайды;
- 7) академиялық адалдықтың бұзылу деңгейін және студенттерге, ПОҚ-қа және қызметкерлерге қолданылатын шараларды анықтайды.

### **3.1.5 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ САЯСАТЫ**

Инклюзивті білім беру саясаты — инклюзия қағидаларын анықтайтын және КАЗГЮУ студенттерінің ерекше қажеттіліктері бар мүдделерін қорғайтын IQAD.

Инклюзивті білім беру саясаты келесі ережелерді қамтиды:

- 1) КАЗГЮУ-дың тең мүмкіндіктерге кепілдік беретінін және ерекше қажеттіліктері бар студенттердің оқу процесінде қажетті қызметтер мен көмек алу құқықтарын танитынын көрсетеді;
- 2) КАЗГЮУ-да инклюзивті білім беру саясатын іске асырудың негізгі шарттарын айқындайды;
- 3) КАЗГЮУ ерекше қажеттіліктері бар студенттерге кепілдік беретін қолдау нысанын анықтайды.

### **3.1.6 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕКІТУ САЯСАТЫ**

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту саясаты – бұл КАЗГЮУ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітудің жалпы қағидаттарын айқындайтын IQAD.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту саясаты мынадай ережелерді қамтиды:

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту саясаты – бұл КАЗГЮУ-да білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітудің жалпы қағидаттарын айқындайтын IQAD.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту саясаты мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) білім беру бағдарламасының негізгі құрылымдық элементтерін анықтайды;
- 2) білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту тәртібін сипаттайды;
- 3) студенттерді, ПОҚ және жұмыс берушілерді қоса алғанда, мүдделі тараптардың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қалай қатысатынын сипаттайды;
- 4) білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу тәртібін сипаттайды.

### **3.1.7 БАҒАЛАУ САЯСАТЫ (ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ)**

Бағалау саясаты (емтихандарды өткізу ережелері) – КАЗГЮУ-да емтихандарды өткізу рәсімін реттейтін IQAD. Құжатта емтихандар мен бағалаудың басқа да түрлерінің жалпы ережелері сипатталған. Бағалау саясатында сипатталған жалпы ережелерге (емтихан ережелері) сүйене отырып, SC осы ережелерді түсіндіретін егжей-тегжейлі құжатты бекіте алады.

Бағалау саясаты (емтихан өткізу ережелері) мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) емтиханды офлайн және онлайн форматта өткізу рәсімін айқындайды;
- 2) емтихан алушыларды тағайындау үшін өлшемшарттарды айқындайды;
- 3) емтихан нысандарын анықтайды;

- 4) емтихандардың әртүрлі түрлері үшін GPA ережелері мен жалпы бағалау өлшемшарттарын анықтайды;
- 5) емтихандардың нәтижелерін қарауды және студенттердің апелляцияларын сипаттайды.

## **3.2 САПАНЫ СЫРТТАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰЖАТТАРЫ (EQAD)**

### **3.2.1 ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ұлттық стандарттар мен ережелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітетін нормативтік құжаттар болып табылады. Бұл құжаттар ең төменгі сапа стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған және осы құжаттардың ережелерін сақтау қазақстандық университеттер үшін міндетті болып табылады.

Ұлттық стандарттар мен ережелер тізбесі (тізім жаңа құжат бекітілген немесе қолданыстағы құжаттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда өзгертілуі мүмкін):

- 1) Жалпыға міндетті жоғары білім берудің мемлекеттік стандарты;
- 2) Жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты;
- 3) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелері қызметінің үлгілік қағидалары;
- 4) Оқу процесін оқытудың кредиттік технология негізінде ұйымдастыру қағидалары.

Құжаттар «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/eng>

### **3.2.2 КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ҮШІН АКАДЕМИЯЛҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ**

Кредиттік оқыту технологиясы негізінде білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау үшін Академиялық адалдық лигасының өлшемшарттары – EQAD, оның мақсаты лига мүшелері арасында ESG-2015 стандарттарын ілгерілету болып табылады.

Құжат Академиялық адалдық лигасының ресми сайтында <https://adaldyq.kz/> қол жетімді.

Кредиттік оқыту технологиясы негізінде білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау үшін Академиялық адалдық лигасының өлшемшарттары мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) жеке тұлғаға бағытталған стандарттарды және оқытудың басшылыққа алатын қағидаларын сипаттайды;
- 2) студенттерді қабылдау және тіркеу стандарттары мен ережелерін сипаттайды;
- 3) кредитті есептеу механизмі мен тәртібін сипаттайды;
- 4) студенттерге білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету стандарттары мен ұсыныстарын сипаттайды;
- 5) білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 6) оқытушыларды жалдау жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 7) қашықтан оқыту бойынша стандарттар мен ұсынымдарды сипаттайды.

### **3.2.3 СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ**

Академиялық адалдық лигасының жалпы қағидаттары негізінде студенттердің оқу нәтижелерін бағалау үшін Академиялық адалдық лигасының өлшемшарттары – EQAD, ол Лиганың мүшелері болып табылатын университеттердегі студенттердің тапсырмаларын бағалау өлшемшарттарын анықтайды.

Құжат Академиялық адалдық лигасының ресми сайтында <https://adaldyq.kz/> қол жетімді.

Академиялық адалдық лигасының жалпы қағидаттарына негізделген студенттердің оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттары мыналарды қамтиды:

- 1) Студенттердің тапсырмаларын бағалау өлшемшарттарын енгізу бойынша стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 2) Академиялық бағалау жүйесінің стандарттары мен нұсқаулықтарын сипаттайды;
- 3) Студенттік жұмыстарды бағалау бойынша стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 4) «Бағаларды бөлу қисығын» енгізу бойынша стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды.

### **3.2.4 ҰСЫНЫЛАТЫН ЖУРНАЛДАР ТІЗІМІН ЖАСАУҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫН БАҒАЛАУ ҮШІН АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ**

Ұсынылатын журналдардың тізімін жасауға академиялық журналдардың адалдығын бағалау өлшемшарттары ПОҚ, ғылыми қызметкерлер мен докторанттарға өздерінің зерттеу мақалаларын жариялау және (немесе) жарияланған мақалалардың нәтижелерін пайдалану үшін сенімді академиялық журналдарды анықтауға көмектесуге арналған.

Құжат Академиялық адалдық лигасының ресми сайтында <https://adaldyq.kz/> қол жетімді.

Ұсынылатын журналдардың тізімін жасау үшін академиялық журналдардың адалдығын бағалау өлшемшарттары мыналарды қамтиды:

- 1) адал академиялық журналды рецензиялау рәсімін сипаттайды;
- 2) адал академиялық журналдың ашықтық саясатын сипаттайды;
- 3) адал академиялық журнал үшін индекстеу стандарттарының индекстерін сипаттайды;
- 4) авторларға жалпы ұсыныстар береді.

### **3.2.5 ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ЕУРОПАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ СТАНДАРТТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР**

Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары – сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтарды белгілейтін құжат.

Құжат жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің еуропалық тізілімінің ресми сайтында <https://www.eqar.eu/> қол жетімді.

Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдар мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) QAR стандарты мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 2) Бағдарламаларды әзірлеу мен бекітудің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 3) Жеке тұлғаға бағытталған оқыту мен бағалаудың стандарттары мен басшылыққа алынатын қағидаттарын сипаттайды;

- 4) Студенттерді қабылдау, ілгерілету, таныту және сертификаттау стандарттары мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 5) ПОҚ сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 6) Оқу ресурстарының сапасын қамтамасыз ету және студенттерді қолдау үшін стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 7) Ақпаратты басқару сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 8) Университет қызметі туралы ақпаратты жариялау стандарттары мен ережелерін сипаттайды;
- 9) Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу және кезеңдік талдау стандарттары мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды;
- 10) Сыртқы сапаны бақылауға арналған стандарттар мен нұсқаулықтарды сипаттайды;
- 11) Сапаны қамтамасыз ету агенттіктері үшін стандарттар мен басшылыққа алынатын қағидаттарды сипаттайды.

#### **4. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕХАНИЗМІ (QAM)**

QAM – бұл КАЗГЮУ-да сапаға қол жеткізу мен оны арттырудың тәсілі. QAD QAM-ның іске асырылуын реттейді, ал QAU іске асырудың дұрыстығы мен тиімділігін тексеруге жауап береді. QAM-ның негізгі түсініктері әдетте QAP-та сипатталған және QAD-да көрсетілген.

QAM екі топқа бөлінеді:

- *Сапаны қамтамасыз етудің ішкі механизмдері (IQAM)* – QAM, енгізілген KS, QAU және басқа да білім беру үдерісіне тартылған бөлімдер мен кафедралар;
- *Сапаны қамтамасыз етудің сыртқы механизмдері (EQAM)* – QAM мүдделі сыртқы тараптармен енгізіледі.

Сапаны қамтамасыз етуді арттыру үшін енгізілуде IQAM «жоспарлау-орындау-тексеру-әрекет» кезеңін ұстанады.

**Жоспарлау:** IQAM-ды әзірлеу және іске асыру жолдарын жоспарлау;

**Орындау:** IQAM-ды КАЗГЮУ-да енгізу;

**Тексеру:** IQAM енгізудің тиімділігін бағалау;

**Әрекет:** алдыңғы саты нәтижелері бойынша IQAM-ды түзету.

«Жоспарлау-орындау-тексеру-әрекет» кезеңінің *тексеру* кезінен өткенде кем дегенде сапаны қамтамасыз ететін екі бөлім іске қосылады.

#### **4.1 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ МЕХАНИЗМДЕРІ (IQAM)**

##### **4.1.1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН БЕКІТУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ мүдделі тараптардың талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

**Мақсаттары:**

- 1) Студент оқуды аяқтағаннан кейін қол жеткізетін оқу нәтижелерін әзірлеу үшін негізді қамтамасыз ету;
- 2) Алқалы шешімдер қабылдау арқылы білім беру бағдарламаларын бекітуді қамтамасыз ету;
- 3) Студенттерді, ПОҚ және жұмыс берушілерді қоса алғанда, КАЗГЮУ-дың мүдделі тараптарының білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету;
- 4) КАЗГЮУ білім беру бағдарламаларының IQAD және EQAD белгілеген стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

5) Білім беру бағдарламасы мазмұнының / оқу жоспарының кәсіби және академиялық қоғамдастықтың нарықтық сұранысы мен үмітіне сәйкестігін қамтамасыз ету.

**Орындалуы:**

КС басшылығы білім беру бағдарламасын әзірлеуді КС қажеттіліктеріне, болашақ студенттер үшін тартымдылық пен бағдарламаның ықтималды тұрақтылығына сүйене отырып бастайды. Студенттер, ПОҚ және жұмыс берушілерді қоса алғанда, мүдделі тараптар білім беру бағдарламасын әзірлеуге міндетті түрде қатысады. Білім беру бағдарламасының жобасы дайын болған кезде ол мазмұнын талдайтын SC-ге жіберіледі, содан кейін бағдарламаны ААЖ-да бекітуге ұсынады. Бағдарламадағы кез келген өзгерістер ААЖ шешімімен бекітіледі.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту саясаты білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітудің нақты стандарттары мен рәсімдерін реттейді.

#### **4.1.2 ОҚУ КУРСТАРЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ ұсынылатын курстардың мазмұны білім беру бағдарламасы мен QAD талаптарына сәйкес келуін қадағалайды.

**Мақсаттары:**

1) Курс бағдарламасының білім беру бағдарламасымен анықталған оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету;

2) Курс бағдарламасын әзірлеу үшін оқытушыға жеткілікті деңгейде академиялық еркіндікті ұсыну;

3) Курс бағдарламасының академиялық адалдық ұстанымдарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

4) Курс бағдарламасында оқытудың нақты нәтижелерінің және әрбір тапсырма және (немесе) емтихан үшін нақты сипатталған бағалау өлшемшарттарының болуын қамтамасыз ету;

5) Академиялық саясатты және Бағалау саясатын (емтихан өткізу Ережелерін) қоса алғанда, QAD-қа сәйкес келетін ашық бағалау саясатының болуын қамтамасыз ету.

**Орындалуы:**

Курс бағдарламасын курс оқытушысы әзірлейді, ол Білім беру бағдарламасы, Академиялық саясат және Бағалау саясаты (емтихан өткізу ережелері) шеңберінде оқыту мақсаттарын басшылыққа алады. Оқытушы бағдарламаны әзірлегеннен кейін QAD белгілеген шарттар мен ережелердің сақталғанын анықтау үшін оны SC қарастыруы керек. SC оқу бағдарламасын тексергеннен кейін оқытушы оны сабақ басталғанға дейін Canvas LMS-ке жүктейді. Оқытушы курс материалдарын (презентациялар, бейнелер, кітаптар, сілтемелер және т.б.) жүктейді және оқу бағдарламасының кестесіне сәйкес тапсырмаларды/емтихандарды орналастырады.

SC және QM студенттерге арналған Canvas LMS-те курстық материалдардың қолжетімділігін дербес тексереді.

#### **4.1.3 ТІРКЕУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ курстарды, оқытушыларды таңдауды және сабақ уақытын ұсына отырып, жеке тұлғаға бағытталған тіркеу үдерісіне кепілдік береді.

**Мақсаттары:**

1) Тіркеу кезінде студентке негізгі және таңдамалы курстардың жеткілікті таңдауын ұсыну;

2) Тіркеу кезінде студентте оқытушылардың жеткілікті таңдауының болуын қамтамасыз ету;

3) Тіркеу кезінде студентте сабақтарды таңдау уақыттарының жеткілікті болуын қамтамасыз ету;

4) KS студенттерге тіркелу кезінде жеткілікті қолдау көрсетіп, семестр кестесін құруға көмектесетіндігіне кепілдік беру;

5) Тіркеу кезеңінде студенттің ұсынылған курстар мен оқытушылар туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету.

#### **Орындалуы:**

Білім беру бағдарламаларының каталогы негізінде KS-те семестрде тіркеуге ұсынылатын курстардың тізімі ұсынылады. Тіркеу кеңсесі Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуді жүргізеді. Тіркеу, жою/қосу және шығару кезеңдері ААЖ бекіткен академиялық күнтізбемен анықталады.

KS студенттің тіркеу кезеңінде әр курс және оқытушы туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар эдвайзерден кеңес ала алады. KS тіркеу кезеңінің соңында тіркеу тізімдерін бекітеді.

#### **4.1.4 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ оқу үдерісін студенттердің әртүрлі қызығушылықтары мен қажеттіліктері қанағаттандырылатындай, ал олардың білім алу құқығы шектелмейтіндей етіп ұйымдастырады.

#### **Мақсаттары:**

1) Әрбір студенттің жынысына, дініне, ұлтына, дене және ақыл-ой қабілеттеріне қарамастан КАЗГЮУ ортасына кірігуін қамтамасыз ету;

2) Әрбір студентке, оның жынысына, дініне, ұлтына, дене және ақыл-ой қабілеттеріне қарамастан, академиялық қолдау қызметтеріне жеткілікті қолжетімділікті беру;

3) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерге білім беру бағдарламасы шеңберінде оқыту нәтижелеріне табысты қол жеткізуге мүмкіндік беретін бейімделген оқыту траекториясына қатысты құқығына кепілдік беру;

4) Кампус үй-жайлары ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз ету.

#### **Орындалуы:**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студент қолдауды алу үшін SC-ге жүгініп, оқу үдерісіне түзетулер енгізуді сұрай алады. Әр жағдай әр өтініш беруші үшін жеке қарастырылады. Комитет талапкердің білім беру үдерісіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды және осындай өзгерістерді анықтайды.

#### **4.1.5 ОҚЫТУ МЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ оқытушы курс мазмұнын студенттер оқу мақсатына қол жеткізе алатындай етіп құрастыратындығына кепілдік береді.

#### **Мақсаттары:**

1) Студенттердің курс мазмұнын қабылдауын жеңілдетуге бағытталған оқытудың заманауи әдістерін оқытушының пайдалануын қамтамасыз ету;

2) Студенттің курс мазмұны туралы жақсы тұжырымдамалық түсінікке қол жеткізуіне кепілдік беру;

3) Студенттің нақты және егжей-тегжейлі кері байланыс алуын қамтамасыз ету;

4) Студенттердің оқу тәжірибесін жақсарту үшін оқытушының КАЗГЮУ ұсынатын оқу жабдықтары мен құралдарын толық пайдалануын қамтамасыз ету.



### **Орындалуы:**

КАЗГЮУ-да курстар үш нысанда өтуі мүмкін: офлайн, онлайн және аралас. Оқытушы таңдаған әдіс білім беру бағдарламасы мен курстың оқу нәтижелерін қаншалықты тиімді қамтамасыз ететінін шешкен кезде студенттерге курстың мазмұнын беруде академиялық еркіндікке ие. Семестр басталар алдында әрбір оқытушы KS ұйымдастырған аттестаттау рәсімінен өтеді. Студенттер оқу тәжірибесіне қанағаттанбаған кезде, SC студенттерге мазмұнды ұсынудың таңдалған тәсілдерін талдау және нақты аспектілерді жақсарту бойынша ұсыныстар беру үшін оқытушының сабағына басқа оқытушылардың қатысуына бастамашылық жасай алады. Курстың соңында студенттер курсты бағалау үшін сауалнама жүргізу арқылы оқытушыны бағалай алады. Курс аяқталғаннан кейін оқытушылар SC қарастыратын курсты басқару нысанын (CMF) толтырады.

### **4.1.6 БАҒАЛАУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ бағалар мен мен апелляцияның әділ және ашық қойылу рәсіміне кепілдік береді.

#### **Мақсаттары:**

- 1) Тапсырмалар мен емтихандар үшін баға қойылуының ашықтығын қамтамасыз ету;
- 2) Тапсырмалар мен емтихандарға бағалау өлшемшарттарының қолданылуын қамтамасыз ету;
- 3) Студенттердің әрбір тапсырма мен емтихан бойынша алатын кері байланысының сапасын қамтамасыз ету;
- 4) Тапсырмалар мен емтихандарға бағаларды бөлу қисығының сапасын қамтамасыз ету;
- 5) Студенттерге апелляцияға өтініш беру және қайта қаралған тапсырма мен емтиханның ашық және егжей-тегжейлі қаралуына мүмкіндік беру.

#### **Орындалуы:**

Оқытушы әрбір тапсырма мен емтиханды академиялық саясаттағы бағалар шкаласына және курс бағдарламасында белгіленген бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалайды. Тапсырма/емтихан бағалары қойылып болғаннан кейін барлық бағалар бағаларды бөлу қисығына сәйкес бөлінеді (Академиялық саясаттың 3.3-тарауын қараңыз) және студенттерге Canvas LMS-те жарияланады. Оқытушылар әр тапсырма/емтихан бойынша уақытылы баға қою үшін жауап береді. QM бағаларды бөлу қисығының қағидаларына сәйкестігін тексере алады және ААЖ және KS алдында есеп береді.

Егер студент бағалаумен келіспесе және дәлелдер келтірсе, ол оқытушы бағаларды Canvas LMS-ке жариялағаннан кейін апелляцияға береді. Шағымданған жұмысты курс оқытушысын қоспағанда, кемінде екі тәуелсіз сарапшыдан тұратын апелляциялық комиссия қарайды.

### **4.1.7 СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫН БАҒАЛАУ САУАЛНАМАСЫ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін QM студенттердің қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізеді, оның мақсаты – бакалавриат және магистратура студенттерінің КАЗГЮУ-дағы оқу үдерісіне жалпы қанағаттануын өлшеу.

#### **Мақсаттары:**

1. КАЗГЮУ-да оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысты студенттердің жалпы қанағаттанушылық деңгейін анықтау.
2. Студенттердің сабақ беруге қанағаттану деңгейін анықтау;
3. Студенттердің бағалармен және оқытушылардың кері байланысымен қанағаттану деңгейін анықтау;

4. Студенттердің курстардың мазмұнына және оқытушылар ұсынатын оқу материалдарының сапасына қанағаттану деңгейін анықтау;

5. Студенттердің пәндерді, оқытушыларды және сабақ уақытын жеткілікті таңдауының бар-жоғын анықтау;

6. Студенттердің білім беру үдерісі олардың жеке дамуына ықпал етеді деп санайтындығын анықтау;

7. Студенттердің академиялық қолдауға қанағаттану деңгейін анықтау;

8. Студенттердің ақпараттық жүйелермен және қызметтермен жұмыс тәжірибесімен қанағаттану деңгейін анықтау;

9. Студенттер өздерін КАЗГЮУ қауымдастығының бір бөлігі ретінде сезінетінін және олардың Университет өміріне қатысатынын анықтау;

10. Студенттердің тұрғын үй және инфрақұрылымға қанағаттану деңгейін анықтау;

11. Студенттің академиялық адалдық қағидалары КАЗГЮУ-да маңызды деп санайтындығын анықтау;

12. КАЗГЮУ-ды студенттер үшін үздік орынға айналдыру үшін сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар беру.

#### **Орындалуы:**

QM студенттердің қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында жыл сайын сауалнама жүргізеді. Әдістеме мен сауалнаманы QM әзірлейді және ААЖ тексереді. Сауалнама наурыз айында жүргізіледі, ал нәтижелері мен ұсыныстары бар есеп мамыр айында қолжетімді. Есеп ААЖ-ға, мектеп комитеттеріне, сауалнама нәтижелеріне мүдделі болуы мүмкін КАЗГЮУ бөлімшелері мен кафедраларына жіберіледі. Сауалнама жасырын болып табылады және ешкім респонденттің қандай да бір деректерін көрсете алмайды.

#### **4.1.8 ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ УӘЖДЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСҚА ҚАНАҒАТТАНУ ДӘРЕЖЕСІ БОЙЫНША САУАЛНАМА**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін QM оқытушылардың уәждемесі және олардың жұмысқа қанағаттану дәрежесі бойынша сауалнама жүргізеді, оның мақсаты КАЗГЮУ-дағы оқу үдерісіне оқытушылардың жалпы қанағаттануын өлшеу болып табылады.

#### **Мақсаттары:**

1) КАЗГЮУ-да оқу үдерісін ұйымдастыруда ПОҚ-тың жалпы қанағаттанушылық деңгейін анықтау;

2) Оқытушыларға академиялық еркіндіктің жеткілікті деңгейі берілетіндігін анықтау;

3) Бағаларды қою саясатымен оқытушылардың қанағаттану деңгейін анықтау;

4) Оқытушылардың өзінің оқытушылық және жеке құзыреттерін дамыту үшін жеткілікті мүмкіндіктері бар-жоғын анықтау;

5) Оқытушылардың шешім қабылдау үдерісіне тартылу деңгейін анықтау;

6) Профессорлық-оқытушылық құрамның жалақыға қанағаттану деңгейін анықтау;

7) Оқытушылардың сыбайлас жемқорлыққа және (немесе) академиялық адалдықты бұзуға тап болуын анықтау;

8) ПОҚ оқыту және (немесе) зерттеу жүргізу кезінде кездесетін қиындықтарды анықтау;

9) КАЗГЮУ-ды ПОҚ үшін ең жақсы орынға айналдыру үшін сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар беру.

#### **Орындалуы:**

QM жыл сайын оқытушылардың уәждемесі және олардың жұмысқа қанағаттану дәрежесі бойынша сауалнама жүргізеді. Әдістеме мен сауалнаманы QM әзірлейді және ААЖ мүшелері қарастырады. Сауалнама наурыз айында жүргізіледі, ал нәтижелері мен ұсыныстары бар есеп мамыр айында қолжетімді. Есеп ААЖ-ға, мектеп комитеттеріне, КАЗГЮУ басқармасына, зерттеу нәтижелеріне мүдделі болуы мүмкін басқа да бөлімшелер мен КАЗГЮУ кафедраларына жіберіледі. Сауалнама жасырын болып табылады және ешкім респонденттің қандай да бір деректерін көрсете алмайды.

#### **4.1.9 ДОКТОРАНТТАРДЫҢ САУАЛНАМАСЫ**

Сапаға кепілдік беру және оны жақсарту үшін QM докторанттарға сауалнама жүргізеді, оның мақсаты академиялық бақылау сапасы және олардың жалпы тәжірибесі туралы пікірлер алу болып табылады.

##### **Мақсаттары:**

- 1) Докторанттардың өз ғылыми жетекшісінің қолдауының сапасына қанағаттанушылық деңгейін анықтау;
- 2) Докторанттардың кітапхана қорларының сапасына қанағаттанушылық деңгейін анықтау;
- 3) Докторанттардың өздерінің шетелдік тағылымдамаларының сапасына қанағаттанушылық деңгейін анықтау;
- 4) Докторанттардың өз білім беру бағдарламаларын олардың дағдылары мен құзыреттерін дамыту тұрғысынан пайдалы деп санайтындығын айқындау;
- 5) Докторанттардың жұмыс пен жеке өмірі арасындағы теңгерімінің сақталуын анықтау;
- 6) Докторанттардың шамадан тыс жүктемені, алаңдаушылықты немесе күйзелісті сезінетінін анықтау;
- 7) Докторанттардың ғылыми жетекшілерімен немесе бағдарлама жетекшілерімен туындаған мәселелерін анықтау;
- 8) Докторанттардың сыбайлас жемқорлыққа және (немесе) академиялық адалдықтың бұзылуына тап болуын анықтау;
- 9) Докторантура бағдарламаларының сапасын арттыру үшін сауалнама нәтижелері бойынша ұсыныстар беру.

##### **Орындалуы:**

QM жыл сайын докторанттарға сауалнама жүргізеді. Әдістеме мен сауалнаманы QM әзірлейді және ААЖ мүшелері қарастырады. Сауалнама наурыз айында жүргізіледі, ал нәтижелері мен ұсыныстары бар есеп мамыр айында қолжетімді. Есеп ААЖ-ға, мектеп комитеттеріне, КАЗГЮУ басқармасына, зерттеу нәтижелеріне мүдделі болуы мүмкін басқа да бөлімшелер мен КАЗГЮУ кафедраларына жіберіледі. Сауалнама жасырын болып табылады және ешкім респонденттің қандай да бір деректерін көрсете алмайды.

#### **4.1.10 МЕКТЕП ІШІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІ БАҒАЛАУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін KS КАЗГЮУ-да оқу үдерісінің сапасы туралы студенттердің пікірлерін жинайды. KS студенттердің пікірлерін жинау үшін әртүрлі құралдарды қолдана алады, мысалы, сауалнамалар, фокус-топтар немесе жеке кездесулер. Алдымен барлық деректерді SC жинайды және талдайды, содан кейін KS, AIS және QM басшылығына ұсыныстармен бірге беріледі.

##### **Мақсаттары:**

- 1) Курс мазмұны мен оқыту тәжірибесіне қатысты студенттердің пікірін ескеруді қамтамасыз ету;
- 2) Студенттердің курс мазмұнына қанағаттану деңгейін анықтау;

- 3) Оқытушының семестр бойы оқуға деген көзқарасына қанағаттану деңгейін анықтау;
- 4) Оқытушының дағдылары мен құзыреттілігіне қанағаттану деңгейін анықтау;
- 5) Оқытушының әділ және ашық бағалау деңгейін анықтау;
- 6) Курс бойынша алынған білім сапасын анықтау;
- 7) Студенттің алған дағдылары мен құзыреттерінің сапасын анықтау;
- 8) Оқытушыны оқыту әдістемесін немесе білім беру бағдарламасына арналған курстар каталогын жақсарту қажеттілігін түсіну.

#### **Орындалуы:**

Әр семестрдің соңында (сабақ аяқталғанға дейін екі апта бұрын) SC оқыту сапасын бағалау бойынша сауалнама жүргізеді. SC әдістеме мен сұрақтарды әзірлейді, ал QM оларды қарастырады. SC сауалнаманы семестр аяқталғанға дейін екі апта бұрын жүргізеді. SC деректерді жинайды, нәтижелерді талдайды, содан кейін есепті KS, ААЖ және QM басшылығына жібереді. Жеке нәтижелер мен ұсыныстар сауалнама барысында курстары бағаланған оқытушыларға жіберіледі.

KS студенттердің білім сапасын бағалау үшін басқа сауалнамалар, фокус-топтар немесе жеке кездесулер өткізе алады. Бұл бағалардың нәтижелері KS комитетімен талданады және KS, ААЖ және QM басшылығына хабарланады.

#### **4.1.11 МЕКТЕП ІШИНДЕГІ ПОҚ-ТЫ БАҒАЛАУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін KS КАЗГЮУ-да оқу үдерісінің сапасы туралы ПОҚ пікірлерін жинайды. KS ПОҚ пікірлерін жинау үшін сауалнамалар, фокус-топтар және жеке кездесулер сияқты әртүрлі амалдарды қолдана алады. Алдымен барлық деректерді SC жинайды және талдайды, содан кейін KS, ААЖ және QM басшылығына ұсыныстармен бірге береді.

#### **Мақсаттары:**

- 1) Оқытушы курстың соңына қарай өзінің күшті және әлсіз жақтарын қандай дәрежеде талдай алатынын анықтау;
- 2) Нұсқаушыларға ұсынымдар беру арқылы курстың сапасын қамтамасыз ету және арттыру;
- 3) Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу мәніне қарай курсты қайта қарау.

#### **Орындалуы:**

Әр семестр аяқталғаннан кейін курс оқытушылары курсты басқару формасын толтырады. Курсты басқару формасы – бұл оқыту сапасын бағалау құралы ретінде қызмет ететін өзіндік бағалау формасы. Толтырылған нысандарды SC жинайды және талдайды, ал нәтижелер KS, ААЖ және QM басшылығына жіберіледі. Әр оқытушыға жеке ұсыныстар беріледі және соның негізінде ол курстардың сапасын жақсартады.

#### **4.1.12 ТҮЛЕКТЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін KS КАЗГЮУ-да оқу үдерісінің сапасы туралы түлектердің пікірлерін жинайды. Түлектердің пікірлерін жинау үшін сауалнамалар, фокус-топтар және жеке кездесулер сияқты әртүрлі амалдар қолданылуы мүмкін. Алдымен барлық деректерді SC жинайды және талдайды, содан кейін KS, ААЖ және QM басшылығына ұсыныстармен бірге беріледі.

#### **Мақсаттары:**

- 1) Оқу аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасына қанағаттанушылықты анықтау;
- 2) Академиялық қызметтермен және КАЗГЮУ-дағы үй-жайлармен қанағаттану деңгейін айқындау;

3) Білім беру бағдарламаларына түзетулер енгізу үшін түлектердің пікірлерін талдау;

**Орындалуы:**

Түлектердің пікірлерін КАЗГЮУ түлектер клубы – түлектердің, студенттердің, ПОҚ пен әкімшіліктің бірлескен қызметі негізінде құрылған ерікті бірлестік жинайды және үнемі талдайды.

Түлектер өкілдері – Клуб Кеңесінің мақсаттары мен қызметін қолдайтын органдар. Кеңестің қосымша отырыстары төрағаның қалауы бойынша шақыртылуы мүмкін. Кеңес мүшелерінің үштен бір бөлігі кворумды құрайды.

Түлектердің пікірлерін талдау нәтижелері SC, KS, QM және ААЖ басшылығына хабарланады

#### **4.1.13 ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін KS КАЗГЮУ-да оқу үдерісінің сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірлерін жинайды. KS жұмыс берушілердің пікірлерін жинау үшін сауалнамалар, фокус-топтар және жеке кездесулер сияқты әртүрлі амалдарды қолдана алады.

**Мақсаттары:**

1) KS білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұраныстарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;

2) КАЗГЮУ студенттері мен түлектерінің мықты кәсіби дағдылары мен білімі бар-жоғын анықтау;

3) КАЗГЮУ студенттері мен түлектерінің мықты таныстырылымдық және коммуникативтік дағдыларға ие екендігін анықтау;

4) Жұмыс берушілердің пікірлері негізінде KS білім беру бағдарламасының компоненттерін жетілдіру;

5) Кәсіби қоғамдастықтар мен жеке ұйымдардың өкілдерімен неғұрлым тығыз байланыстар орнату.

**Орындалуы:**

Жұмыс берушілердің пікірлерін студенттердің кәсіби дамуына жәрдемдесу және жұмыс берушілермен және басқа да мүдделі тараптармен тиімді ынтымақтастық мақсатында KS Тағылымдама, мансап және жұмыспен қамту орталығы жинайды және үнемі талдайды.

Жұмыс берушілердің пікірлерін талдау нәтижелері SC, KS, QM және ААЖ басшылығына жіберіледі.

#### **4.2 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ІШКІ МЕХАНИЗМІ**

##### **4.2.2 «АТАМЕКЕН» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІ**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы («Атамекен» ҚР ҰКП) 2018 жылдан бастап қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының тәуелсіз рейтингін жүргізеді.

«Атамекен» ҚР ҰКП – қазақстандық кәсіпкерлердің мүддесін ұлттық деңгейде білдіретін коммерциялық емес ұйым. Ұйымның Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде кеңселері бар және бұл ұйым заңнаманы жетілдіруге қатысады.

КАЗГЮУ рейтингіге қатысады және рейтинг өлшемшарттары мен әдіснамасын білім беру сапасын өлшеу үшін пәрменді құрал ретінде таниды.

**Мақсаттары:**

1) КАЗГЮУ түлектерінің мансаптық болашағын бағалау;

2) КАЗГЮУ білім беру бағдарламаларының мазмұны жұмыс берушілердің сұраныстарына және нарық талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін айқындау;

3) КАЗГЮУ-да білім беру үдерісін цифрландыру сапасын бағалау;

**Орындалуы:**

«Атамекен» ҚР ҰКП жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының тәуелсіз рейтингін жүргізеді. Рейтингінің бұл әдістемесі қазақстандық жоғары оқу орындарының өкілдерімен ынтымақтастықта әзірленді, ал нарықтың түрлі секторларының өкілдері білім беру бағдарламаларын бағалауға қатысады. Рейтинг нәтижелері «Атамекен» ҚР ҰКП ресми сайтында жарияланады» <https://atameken.kz/>.

#### **4.2.3 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ БОЛМАУЫ МӘНІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ**

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру үшін КАЗГЮУ Академиялық адалдық лигасын (AIL) құруға қатысты. Қазіргі уақытта КАЗГЮУ AIL-дің белсенді мүшесі болып табылады және стандарттарды әзірлеуге және білім беру үдерісінің сапасын жақсартуға көмектесетін басқа да іс-шараларға қатысады. Академиялық адалдық лигасы – бұл білім беру сапасын жақсарту, білім беру стандарттарын арттыру және академиялық адалдық стандарттарын өркендетуді мақсат ететін қазақстандық университеттер қауымдастығы.

2018 жылдан бастап AIL Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болмауына тұрақты мониторинг жүргізеді және бұл мониторинг AIL барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

**Мақсаттары:**

1) КАЗГЮУ академиялық адалдық қағидаттарын қаншалықты сақтайтынын анықтау және академиялық адалдықты бұзғаны үшін студенттердің, ПОҚ пен қызметкерлердің жауапкершілігіне кепілдік беретінін анықтау;

2) КАЗГЮУ оқытушылары тапсырмалар мен емтихандар үшін баға қою кезінде бағалау өлшемшарттарын қандай дәрежеде қолданатынын анықтау;

3) КАЗГЮУ ECTS жүйесін қандай деңгейде ұстанатынын анықтау;

4) Студенттердің тапсырмалары мен емтихандарын бағалаудың қаншалықты әділ және ашық екенін анықтау;

5) КАЗГЮУ оқытушылары мен қызметкерлерін жалдау рәсімінің қаншалықты әділ және ашық екенін анықтау;

6) Тіркеу үдерісінде КАЗГЮУ студенттері пәндерді, оқытушыны және сабақ уақытын қандай дәрежеде таңдай алатынын анықтау;

**Орындалуы:**

Академиялық адалдық лигасының мониторингін Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болмауы тұрғысынан Лига мүшелерінің өкілдерінен, «Атамекен» ҚР ҰКП өкілінен, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің өкілінен және ҮЕҰ өкілінен тұратын мониторингтік топ жүргізеді. Мониторингтік топ AIL кеңесінің шешімі бойынша құрылады және кемінде 7 адамнан тұрады. AIL Кеңесі мониторинг жүргізу үшін әдіснаманы әзірлейді. Мониторинг AIL мүшелері үшін міндетті болып табылады және әр оқу жылында жүргізілуі мүмкін. AIL Кеңесі мониторинг күнін белгілейді және белгіленген күнге дейін кемінде екі ай бұрын өлшемшарттарды КАЗГЮУ-ға жібереді. Алдында өткен мониторинг нәтижелері AIL мүшелеріне қолжетімді.

#### **4.2.4 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ**

Институционалдық аккредиттеу КАЗГЮУ-да сапаны қамтамасыз ету жүйесіне сыртқы бағалауды жүргізуге арналған.

Басқа агенттіктердің институционалдық аккредитациялары сапаны жақсарту үшін EQAM ретінде де қолданыла алады.

**Мақсаттары:**

- 1) КАЗГЮУ миссиясы, пайымдауы мен стратегиялық мақсаттарының сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін айқындау;
- 2) КАЗГЮУ-дың басқару құрылымы сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;
- 3) КАЗГЮУ білім беру үдерісінің сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;
- 4) КАЗГЮУ-дағы зерттеулер сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;
- 5) КАЗГЮУ-дың академиялық кеңес беруі мен қолдауы сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;
- 6) КАЗГЮУ оқу жайларының сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін айқындау;
- 7) КАЗГЮУ-дың жария ақпараты сапа стандарттары мен талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін айқындау;
- 8) QAD ұйғарған стандарттар мен рәсімдерді QAM КАЗГЮУ қаншалықты дәрежеде сақтайтынын анықтау;

**Орындалуы:**

КАЗГЮУ-дың институционалдық аккредиттеуін Қазақстан Республикасында аккредиттеу жөніндегі танылған орган болып табылатын Халықаралық іскерлік өкімшілендіруді аккредиттеу қоры (FIBAA) жүргізеді. Институционалдық аккредиттеу рәсімі мен сапасына қойылатын талаптар FIBAA-ның ресми сайтында қолжетімді <https://www.fibaa.org/>. FIBAA өкілдері барлық басқа ақпаратты, соның ішінде сапар күндерін, қажетті құжаттар тізімін және бағдарламаны аккредиттеу басталғанға дейін бағдарламаны аккредиттеуге қатысты басқа да қосымша ақпаратты жібереді.

#### **4.2.5 БАҒДАРЛАМАНЫ АККРЕДИТТЕУ**

КАЗГЮУ мектептерінде ұсынылатын білім беру бағдарламалары сапаны арттыру мақсатында FIBAA бағдарламасының аккредиттеуінен мерзімді түрде өтіп отырады.

Басқа агенттіктердің аккредиттеуі және (немесе) сертификаттауы білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту және тартымдылығын арттыру үшін EQAM ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

Бағдарламаны аккредиттеу КАЗГЮУ ұсынатын білім беру бағдарламаларының сапасын сырттай бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған.

**Мақсаттары:**

- 1) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының біліктілік мақсаттары қаншалықты нақты қойылғанын және негізделгенін анықтау;
- 2) КАЗГЮУ білім беру бағдарламаларына қабылдауға қойылатын талаптардың қаншалықты айқындалғанын және түсінікті екенін, болашақ студенттерді іріктеу рәсімінің әділ әрі ашық екенін анықтау;
- 3) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының мазмұны қаншалықты қисынды түрде құрылғанын және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететінін анықтау;
- 4) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының құрылымы ECTS талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін және студенттер үшін мүмкіндіктер теңдігі қамтамасыз етілетінін анықтау;
- 5) Оқытудың қазіргі заманауи және тиімді әдістері КАЗГЮУ білім беру бағдарламасы шеңберінде қаншалықты пайдаланылатынын және студенттер оқу үдерісіне белсенді қатысып-қатыспайтынын анықтау;

6) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының оқу жоспарына халықаралық мазмұнның қаншалықты дәрежеде кіріктірілгенін анықтау;

7) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасы шеңберінде студенттердің «коммуникативті» дағдылары қаншалықты дамығанын анықтау;

8) КАЗГЮУ білім беру бағдарламасын ұсынуға қатысу үшін жеткілікті біліктілігі бар оқытушылардың бар-жоғын анықтау;

9) Бағдарламаны басқару КАЗГЮУ білім беру бағдарламасын біртіндеп жақсартуға қандай дәрежеде ықпал ететінін анықтау;

10) КАЗГЮУ ұсынған оқу орындары мен жабдықтар КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының қажеттіліктерін қаншалықты қамтитынын анықтау;

11) Сапаны бақылау жүйесі КАЗГЮУ білім беру бағдарламасының мазмұнының, үдерістері мен нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ететіндігін анықтау.

**Орындалуы:**

КАЗГЮУ бағдарламасын аккредиттеуді Қазақстан Республикасындағы аккредиттеу бойынша танылған FIBAA сияқты орган жүргізеді. Бағдарламаны аккредиттеу сапасына қойылатын талаптар ФИБАА ресми сайтында қолжетімді <https://www.fibaa.org/>. Барлық басқа мәліметтерді, соның ішінде келу күндерін, қажетті құжаттар тізімін және бағдарламаны аккредиттеуге қатысты басқа да қосымша ақпаратты FIBAA өкілдері бағдарламаны аккредиттеу басталғанға дейін жібереді.